

Үздік өлкетанушы атанды

Таяуда бірқатар жерлесіміз «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасын жүзеге асыруға және туған өлкенің тарихын зерттеуге қосқан үлесі үшін ҚР Мәдениет және спорт министрлігі тағайындаған «Үздік өлкетанушы» медалі мен Құрмет грамотасымен марапатталды.

Атап айтқанда, «Үздік өлкетанушы» төсбелгісіне Серік Жақсыбаев, Алтынбек Құрманов, Эрнест Соколкин ие болса, Құрмет грамотасы Қайрат Батталов, Гүлжайнат Әлиева, Мұрат Бағжиковға берілді.

Газетімізге «Отарқа» атауын ойлап тапқан Серік Имантайұлы мен редакция ұжымының рухани досы, баянауылдық Алтынбек Жұматұлын марапаттарымен құттықтаймыз!

Редакция.